

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VRY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QQOU1605>

***Қ. Т. Төлебаева¹, А. О. Тоқсамбаева², Ж. Ж. Аутова³,
А. А. Әбсадық⁴**

^{1,3}Alikhan Bokeikhan university,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

⁴А.Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

*e-mail: tulebaeva82@mail.ru

СЕМЕЙ ӨҢІРІНДЕГІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ (ЖАҢАША ПАЙЫМДАУ)

Мақалада Абай облысы, Семей өңіріндегі айтыс өнерінің қалыптасу, дамуы жөнінде айтылған. Осы өңірден шыққан әйгілі айтыскер ақындардың мұралары қарастырылған. Семейлік ақындардың айтыс жанрын қалыптастыруға арналған әдеби мұраларына сараптама жүргізілген. Семей өңірінде айтыс өнерінің қалыптасуының қалай бастау алғаны туралы мағлұмат берілген. Өңірдегі айтыскер ақындарды сөз еткенде Абайдың әсерін де атауымыз қажет. Ұлы ақын мектебінің шәкірттерінен бастап жалғасын тапқан Абай дәстүрін ұстанушылар Семей өңірінің айтыс мәдениетін дамытуға мол үлес қосты. Семей өңірінде туып өскен: Ақтайлақ би, Түбек, Әсет, Жанақ, Көкбай, Әріп, Шәкір, Тәңірберген, Төлеу, Сапарғали, Нұрлыбек, Қалихан, Дәмеи және тәуелсіздік жылдардағы Айгүр, Серікзат, Дәулеткерей, Рүстем, Ринат, Сара, Қарлығаш т.б. қазаққа кеңінен танымал айтыскер ақындардың айтыстары зерделенген. Семейлік өнер иелері кең тынысты, тіл шұрайы төселген ірі тұлғалар. Суырып салмалық қасиетті ерекше бағалап, айтыс өнері арқылы даралана білген ақындар. Сондықтан зерттеуге негіз болған өңірлік айтыс ақындарының әдеби мұрасын, олардың әсеке авторлық бейнесін жаңаша пайымдау арқылы қазақтың маңдайына біткен бірегей өнерлерінің бірі – айтыс өнерін жаңғыртуды мақсат еткен.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеті, айтыс, өнер, ақын, айтыс мектебі, шығармашылық, импровизатор.

Кіріспе

Ұлт әдебиетінің тарихында айырықша жанрлардың бірі – айтыс. Айтыстың көркем әдебиет қазынасынан алатын орны айырықша. Егемендігімізді алғаннан бергі уақыт ішінде өмір шындығын бейнелеуге зор үлес қосып отыр. Айтыс жанрының Семей өңірінде қалыптасуы мен дамуын, көркемдік сипатын, өзіндік табиғатын және оның қазіргі айтыс пен жазба поэтикалық өнерге әсерін айқындау бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы көкейкесті мәселелерінің бірі.

Бұл туралы зерттеуші М. О. Әуезов: «...Ақындардың өмірбаянын және қолдан келгенше, барлық айтыстарының туған жылдарын, орындарын, жағдайларын түгел, мәлім ететін материалдар жиналып жариялануы шарт» [1, 107], - дейді.

Айтыс – қазақ фольклорында ертеден осы кезге дейін өркендеп келе жатқан жанр. С. Мұқанов кезінде «айтыс» ұғымын анықтап, жан-жақты талдау жасап кетеді [2, 112].

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, тұрмыс-салт өлеңдері – «Жар-жар», «Бәдік» өлеңдерінен бастау алған айтыс өнерінің бастапқы жаттанды түрі кейіннен импровизаторлыққа ойысты. Айтыс та белгілі бір салт-дәстүрді орындау талабынан арылып, саяси - әлеуметтік, қоғамдық өмірдің көріністерін бейнелеу дәрежесіне көтеріледі.

Қазақ даласында айтыс өнері XIX-ғасырдың орта шенінен бастап ерекше кең өріске ие болып, құлашты дамыды. Осы кезде ғасыр поэзиясының салмақты жүгін көтеріп тұрған Семей өңірінен шыққан Жанақ, Сабырбай, Түбек, Орынбай, Шөлке т.б. айтыстың майталмандары, қара сөзге дес бермес шешендері халыққа танылды. «..Қазір біз XVI–XVI ғасырлардың ақындар айтысын білмейміз, деректер жоқ. Бірақ сол ғасырларда да айтыстың мол болғаны даусыз» [3, 319], - дегендей, XIX ғасырдағы ірі айтыс ақындарының шығармаларындағы халықтық, ұлттық, көркемдік, шыншылдық сипаттар негізгі төркіндерін өзінен бұрынғы айтыс өнерінен алды.

Сондықтан Семей өңіріндегі осынау дүркіреген өнердің бастауын «...Ертіс бойы, бір жағы – қарт қалба, Аягөз, екінші шеті – шежірелі Шыңғыс, Абыралы атырабындағы айтыс өнерінің өзіндік даму тарихы бар» [4, 197] түріндегі Семей жерін ұлылар мекені, дүлдүл ақындар шыққан киелі топырақ деген бағадан-ақ байқаймыз. Шындығында Семей өлкесі, Ертіс өңірі, Шыңғыстау баурайында той-думан мен жиындар жиі өтіп, ақындар айтысының қалыптасып келе жатқан тұсы XVIII ғасырдың аяғына келеді. Бұл дәуірдегі би, шешен, ақындарымыз Ақтайлақ Байғараұлы, жалғасы Жанақ, Сабырбай, Түбек, Орынбай, Шөлке сынды дүлдүлдеріміз айтыс өнерінің дамуына үлес қосты. Бұлар да өз кезеңінің «Аягөз өңірінен шыққан он жеті ақын» атағына ие болған өте атақты сөз зергерлері еді.

XIX ғасырда ақындар тобы көбейіп, ақ алмастай асыл кемел адамдарды тарих өзі толғатып, уақыт өзі тудыра бастады. Шыңғыстың сілемі Сандықтас, Ақжайлаудан Дулат Бабатайұлы шықты. Отаршылдыққа қарсы тұрып, қаламын найза, тілін қылыш етіп дұшпанға қарсы жұмсаған қажырлы батыр, адалдық туын жоғары ұстаған ой-сана акыны болды. Бұдан кейін Абай бастатқан, Абайдың ақын шәкірттері Көкбай Жанатайұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы, Уәйіс Шондыбайұлы т.б. айтыс өнерінің тынысын кеңейтті. Кеңестік дәуірде Төлеу Көбдіов, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратұлы, Шәкір Әбенев, Тәңірберген Әміренов, Қалихан Алтынбаев т.б. айтыс ақындары сахна төріне шығып, өзіне дейінгі ақындық дәстүрді жалғастырып, өзінен кейінгіге ағалық үлгі көрсетеді. Тәуелсіздік алғанан кейін ауылдық, аудандық, облыстық, аймақтық, халықаралық дәрежеде өткен сөз сайыстарына Семей өңірінен шыққан Айнұр Тұрсынбаева, Дәулеткерей Кәпұлы, Серікзат Дүйсенгазин, Рүстем Қайыртайұлы, Ринат Зайтов, Сара Тоқтамысова, Қарлығаш Әубәкірова т.б. атадан мұра болып қалған айтыс өнерін жандандырды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуге айтыс жанрының қалыптасуы мен даму тарихы туралы М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Е. Тұрсыновтың, т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері, әр жылдары жарық көрген ақындардың айтыстары және «Қазіргі айтыс» 3, 4 томдар, «Айтыстану» ғылыми жинақтары пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында жиналған мәліметтерге, ғылыми еңбектерге теориялық талдау, баяндау, айтыстарды саралап салыстыру, жүйелеу, қортындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Нәтижелер және талқылау

Айтыс өнері – халқымыздың көтеретін әлеуметтік жүгі ауыр, өрісі кең жанр. Айтыс жанрының шығу тегіне барлау жасасақ, жыр сайысының бұған ұқсас түрлері әлемнің басқадай халықтарында болғандығы мәлім. Ғылымда: «Орта ғасырлық Батыс Еуропада кельттерде – фильдердің, Францияда – труверлердің, Орталық Еуропадағы – мейстензингерлердің, Скандинавия еліндегі – скальдлердің, орыстардағы – скоморохтардың, Иран, Үнді жерлеріндегі «Мүшайра» мен Аравиядағы «Мұғаллақатқа» қатысқан ақындардың бәрінің де суырыпсалма айтысқа төселген» [3, 268], - деп дәлелденген. Айтыс өнері түркі тектес халықтардың барлығында бар. Алайда, бүгінгі таңға дейін сақтап, қолданып, дамытып жүрген тек қана қазақ халқы. Түріктің фольклор зерттеушісі Т. Гүнай: «Түрік халқының әдебиетінде айтыс «atışma» деп аталады. Қаратеңіз аумағында атма деп аталатын дәстүрлі халық әндері кең таралған» [5, 73], - десе, айтыс қырғыз әдебиетінде «айтыш» деген атаумен белгілі. Фольклорист Ж.Таштемиров қырғыздың айтыс өнерін: «Адат-салт айтышы, чечендер айтышы, ақындар

айтышы» [6, 201], - деп үш түрге бөліп қарастырады. «Әзербайжан халық әдебиеті» атты еңбегінде: «деишмеге» ежелгі «дедім-деді» [7, 252], - деген түрлері әсер еткенін айтады. «Дедім-деді» мен айтыс арасындағы маңызды айырмашылық – орындаушы ақындарда. Атышмаға, дейішмеге және айтысқа кем дегенде екі акын қатысса, «Дедім-деді» түріне тек қана бір акын қатысып, ол диалог түрін пайдаланып, өзімен-өзі ой-пікір таластырады, кез келген маңызды тақырыпқа қатысты көңіл-күйін білдіреді. Бұл қазақтардағы мысал айтысқа ұқсас.

Қазақ даласында «Жар-жар», «Бәдік» [8, 122] әдет-салт айтыстарынан ертедегі айтыстар туралы ғалым Е. Тұрсынов айтыс өнерінің түпкі тамырын анықтай келе, оған бірнеше мысалдар мен дәлел келтіреді.

Ғалым А. Омарова шетелдік басылымда шыққан мақаласында: «Бұл айтыстардан басқада көне діни, наным-сенімдерге байланысты, салт-дәстүрлік жырлар тобына жататын бақсы сарындары болған» [9, 10], - деп атайды.

«Жар-жар» айтысының қалыптасып дамуынан қайым айтысы деп аталатын түрі пайда болды. Қайымдасу – бір ауыз өлеңмен қызбен жігіттің алма-кезек қайымдасу тәсілінде орындалады. Қайым айтыстың құрылысы, оның өзіндік сипаты, айтылу тәсілі жөнінде қазақ арасында:

«Өлеңнің басы екен айым-қайым,

Қас мырза аямайды аттың майын.

Қара жаяу өленді әркім айтар,

Қайым өлең айтпаққа бар ма жайың?» [10, 43], - деген жолдар да бар. Қайымдасып айтысу туралы, жар-жардан басталған өлеңнің қыз бен жігіт айтысына ұласудағы даму жолын тарқатады [11, 63].

Бәдік жырларынан да айтыс жанрына тән сипаттарды көруге болады. Бәдік дәстүрі жайлы, оның тарихи-этнографиялық сипатын фольклорист ғалым Ә. Диваев та кезінде атап өткен [12, 250]. Сондағы айтатын өлеңдері негізінен ортаға алған бәдікті індеті бар ауылдан тауға, тасқа, Арқаға, ағыны қатты сулар мен үйіре соққан құйынға, ирелеңдеген жылан мен құйрық – жалы құланға, күл шашқан бұқаға, тіпті, қасиетті Меккеге де көшірмек болады. Алайда, сол көшіру мәселесі тек мұнымен шектеліп қалмайды. Қызбен жігіт бетпе-бет отырып бәдік айтысқанда, сол жырлардың мазмұны бірден өзгеріп, әзіл-оспаққа құрылған күлкілі, ойындық сипаты арта түседі. «Бәдік айтысының ескі наным – сенімді білдіретін сипаттары да айрықша.

М. Әуезов «Әдебиет тарихында» айтысты ішкі мағынасына қарай төртке бөлетіні белгілі. Сонымен қатар ғалымдарымыз айтысты әдет-ғұрып және ақындар айтысы деген екі жікке бөліп қарастырған. Осылардың ішінде біздің арнайы қарастыратынымыз ақындар айтысы. Суырып салмалық өнердің (импровизаторлық) өркендеп қанат жайған уақыты XVIII ғасырдың аяғы мен

XIX ғасырдан бастау алады. Бұл дәуір – Семей өңірі ән мен жырға бөленген, би-шешендердің, сал-серілердің, сырып салма ақындар өмір сүрген кезеңі.

Көріп отырғанымыздай, айтыс өнерінің дамуына үлес қосқан ақындардың көбінің шыққан жері – Семей өңірі. Қасиетті Семей жері – ұлылардың мекені, алашордашылардың астанасы, қазақ руханиятының көшбасшысы болған өңір, қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазаларлық дана тұлғалар осы өңірден шыққан.

Айтыскер ақын және халық мұрасын жинаушы Қалихан Алтынбаев Қазақстан Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының штаттан тыс тілшісі ретінде Семей өңірінен шыққан ақындар туралы тиянақты зерттеулер жүргізген. Аягөздің әйгілі он жеті ақынның есімін ғылыми түрде анықтаған. Ел арасындағы ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырып әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына өткізіп отырған. «Біржан мен Сара», «Тәуке мен Рухия» айтыстарында келтірілген он жеті ақын туралы жинаған мәліметтер әдеби өңірді тану саласына қосылған үлкен үлес болып табылады. Бүгінгі таңда шетелдік басылымдар да «Біржан-Сара» айтысы кеңінен сөз сөз болып жүр «Mapping Participant Framework in the Aity of Birzhan and Sara» [13].

«Ұлылар шыққан орта» атты мақаласында автор Жарма ауданының «Бірінші май» ауылынан бастап Аягөз қаласына дейін тірелетін кең аймақты қалың қазақ баяғыда ақындықтың ордасы, шешендіктің қордасы деп таныған, Ыбырай Алтынсаринның, Мұхтар Әуезовтің қаламына іліккен, аттары аңызға айналған 17 ақын осы ортадан шыққандығы сөз болады.

Он жеті ақынның бастауы болған Ақтайлақ бидің өмірінен, кейінгі артта қалған ұрпақтары жөнінен мәлімет береді. Сол ақындардың әдеби мұраларын халық арасынан көнекөз қариялардан сұрап, жинау керектігін ескертеді.

«Сара сиынған жетеу» атты мақаласын автор Сара Тастанбекқызының туғанына 110 жыл толуына байланысты жазған. Сара пір тұтқан жеті ақынның өмірбаянынан, мекен еткен жерлерінен мағлұмат береді. Сара:

«Хажының осы сөзі болды себеп,

Қолтықтан көтере гөр аруақ демеп.

Дулат, Сабыр, Кешімбай, Сұртай, Жылтыр,

Жанұзақ – қолда дедім-ақын Түбек» [14, 97], – деген шумағының

төңірегінде сөз қозғайды.

Сабырбай, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр, Жанұзақ ақындардың өмірінен мәлімет берсек. Сабырбай Ақтайлақұлы 1775–1865 жылдары өмір сүрген Сыбанның Байғара тобынан шыққан әйгілі он жеті ақынының біреуі. Зираты Жарма ауданының «Бірінші май» совхозына қарасты «Үш қаражал» деген жерде. Сабырбай ақын «Абай жолы» эпопеясының екі тұсында көрініс береді. Кешімбай Күшікұлы 1829–1851 жылдар аралығында өмір сүріпті.

Шежіре бойынша руы Матай. Сара сиынатын тағы бір ақын – Сұртай туралы мәліметіміз аса жұтаң. Тіпті әкесінің атын да анықтай алмадық. Тек білетініміз ол Қыржы руынан, оның ішінде Бықы-қанай тармағынан шыққандығы. Зираты Ақсуат ауданының «Сұлутал» совхозына қарасты «Ақши» деген жерде. Жылтыр Бақайұлы. Ескіше «Бура» руының «қаратаз» тармағынан шыққан ақын. Туған-өлген жылдары белгісіз. Алайда оның туған жиені, жармалық халық ақыны Нұрғали Тұнқатаровтың өзі туралы шығарған бір өлеңінде ата тегін былайша таныстырады:

«Арғы атам аты шыққан Бұлғақ еді
Аралап елдің ішін ылғап еді...
Жетеудің біреуі Жанұзақ Шығанұлы» [14, 98].

Туған-өлген жылдарын анықтай алмадық. Әкесі Шыған дөңгелек ауқатты болған. Байжігіт руының «Дәулетбай» тармағынан таралады. Бұл деректерден байқайтынымыз айтыс жанрына Семей өңірінің де ақындары үлес қосқан.

Қ. Алтынбаевтың «Аңызға айналаған он жеті» атты мақаласында да Сыбан елінің байғара тобынан жыққан 17 ақын туралы сөз қозғайды. «Бідіхан мен Айсара, Көкеннің» айтысында ақпа жүйрік екі қызбен де айтысында жақын туысы «Байғараның 17-сін» мақтан ете сөйлейді.

Айсара мен Көкен – Найманның Мұрын руының Құттымбет тармағынан шыққан апалы-сіңлі ақын қыздар. Бұлардың қонысы қазіргі Ақсуат пен Аягөз аудандары. Біз үшін ең құндысы осы айтыста Бідіханның аузынан Байғарадан шыққан 17 ақынның аттарының аталатыны. Сол сөз сайысында апалы-сіңлі ақын қыздар қарсылыстары Бідіханға:

«Елінде жүйрік те бар, желтақым бар,
Тобында соның тұрған немақұл бар.
Кесілген көмекейің ақын болсаң
Айтып бер, Байғарадан неше ақын бар?» - деген сауал тастайды.

Бідіхан бұған:

«Кұдай-ау, айналайын күдіретіңнен,
Берейін барын тауып өз шетімнен.
Елімде Ақтайлақпен онжеті ақын,
Көтерген көңілдерін құрметпенен» [14, 101], - деп жауап қайырады.

Қыздар бұған қанағаттанбайды. 17-нің аттарын түгендеп атауды сұрайды. Сонда Бідіхан:

«Жақыным, жамағатым ақын Түбек
Жырлары жұрт аузында жатыр түнеп...» [14, 103], – дейді.

Қ. Алтынбаев өзінің ергеден жинап-теріп жүрген 17 ақын туралы мағлұматын нақтылап, 17 ақынның аты-жөндерін жіктеп көрсетеді (Ақтайлақ Байғараұлы, Сабырбай Ақтайлақұлы, Түбек Байқошқарұлы, Орынбай

Сәметұлы, Нұрлыбай Сәметұлы, Ташқан Сәметұлы, Уәйіс Сәметұлы, Әділбай Сәметұлы, Тілеуімбет Түсіпұлы, Әйімбет Түсіпұлы, Шәке Әлсейітұлы, Рай Байсалұлы, Кәдірбек Артықұлы, Өмірбек Өтепұлы, Дайырбек Байсалұлы, Байтұяқ Өтепұлы, Көкен Байсанұлы).

Бұл аталған 17 ақынның есімін көпшілік біле бермейді, бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымында Байғарадан шыққан ақындар шоғырының әдеби мұраларын тауып, зерттеу өзекті мәселелердің бірі.

Бұдан кейін Семей өңірінде айтыс жанрын әрі қарай дамытқан Абай Құнанбайұлы. Абай және айтыс өнері деген ұғымдар сырт қарағанда ұғынықсыз. Бірақ, мұқият қарасақ, айтыс өнері Абайды айналып өтпейді. Ақын шәкірттеріне айтыс өнерінің дамуына, жанрлық үлгіде баюына үлес қосқанын аңғарамыз.

Абайдың бізге жеткен Қуандық қызбен сөз қағысы соның дәлелі. Абай мен Қуандық қыз арасындағы сөз қағысы туралы М. Әуезов еңбектерінде жазды. Әрі қарай, Семей өңірінде айтыс өнерін Абайдың ақын шәкірттері жалғастырады. Мысалы, «Көкбай мен Әріп» [15, 214] айтысы. Екі ақын сөз сайысына түсіп, өз аталарына шаң жұқтырмайды.

Абайдың ақын шәкірттері ауыз әдебиетінің озық үлгісі айтыс жанрын көркем шығармаларына арқау етті. Мысалы, Әріп Тәңірбергенұлының Хафизден аударды делінетін «Арыстан мен ит», «Қасқыр мен жолаушы» сияқты жанрлық жағынан мысал айтысқа жататын өлеңдер. Абайдың ақын шәкірттері айтыс жанрын терең игеріп қана қоймай өзгеше ізденісер үстінде қазақ әдебиетінде алғаш болып айтыс-дастан жазудың көшбасшысы ретінде танылды.

Ғ. Мүсірепов те өз кезегінде ел ішіндегі халық ақындарына өз бағасын беріп кеткен [16, 177].

Ақындық айтыс дәстүрін жалғастырушылардың дені Семей өңірінен шықты. Мысалы, Шәкір Әбенов, Тәңірберген Әміренов, Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратұлы, Қалихан Алтынбаев, т.б.

Қазан төңкерісінің 40-жылдық мерекесіне байланысты 1957 жылы өткізілген мәжіліске орай ұйымдастырылған айтыстағы Т.Әміреновпен сайысқа түскен Қ.Алтынбаевтың ақындық өнері бағаланып, «Айтыс» жинағының 3-томына енгізілген. Сонымен қатар, өзбек тілінде шыққан «Шарқ юлдызы» басылымында жарияланады.

Қалиқан айтысты:

«Семей мен Қарағанды айтысында

Жүлде алған, жеңіс алған сәтті жырлап

Өлкеге, астанаға даңқын кетті,

Әлеумет әуенінді тәтті тындап» [14, 56], – деп бастаса, Тәңірберген:

«Ойнақтап ұшқыр қиял шықса шалқып,

Теңіздей терей ойды кетем малтып,
Ақындық арнасынан ақтарылса,
Аузыма сөз тасқынын алам тартып» [14, 57], – деген жауап қайтарады.

Тәңірберген ақын айтыс өнеріндегі жас тарлан Қалиқанның өнердегі қанат қағысын, ақындық қарымын дәл танып, «Байлығын ұлы Отанның жырлап берген, ақынсың жас та болсаң өзім теңді», – деп өнер қуаты теңдес екендігін жасырмайды.

1970 жылы Лениннің туғанына 100 жылдық мерекесіне байланысты айтыста Семей облысының атынан Қалихан Алтынбаев Көкшетау облысының атынан шыққан Көкен Шәкеевпен додаға түседі.

Көкен ақын:

«А, құйыл жыр көмейден келші саулап,
Уа, сүйсінтші тыңдаушыңды бірден баурап...
Уа, келдің бе енді алшыңа Қалиханым,
Таң қалдыр өнеріңмен жұрттың бәрін...» [14, 63], – десе оған жауап

берген Қалиқан:

Айтыстан Семейліктер бас тартпаған,
Әуелден шоқтық биік асқақтаған.
Атақты Төлеу менен Сапарғали,

Айғайсыз жүрегіне ас батпаған [14, 63], – ақындық өнердегі ұстаздары жергілікті ақындар Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Нұрлыбек Баймұратұлы т.б. ақындық жолын жалғастырушымын деп жырлайды.

Айтыскер ақынның басты қаруы-суырып салмалық, импровизациялық өнер болса, айтыс ақынының суырып салмалық талантын ғалым Е. Ысмайылов та жоғары бағалайды [17, 23]. Осындай импровизацияға жүйрік ақындар Семей өңірінде көптеп кездеседі.

Тәуелсіздік алғанан кейінгі жылдардағы Семей өңіріндегі ақындық айтыс төл өнеріміздің көкжиегін кеңейтті. «...ұлтқа рух беріп, ілгері басуының жолы мен мақсатын айқынырақ көрсетеді» [18, 101], – деп тәуелсіздік тұсындағы ақындар айтысына зор баға береді.

Мысалы, Балғынбек Имашов пен Семейлік Сара Тоқтамысованың айтысында, Сара:

«Кейбіреу сөз бастауға татымапты,
Жырлайын жамылған соң ақын атты.
Астанада Жоламанкұлақ деген ауыл,

Тоз-тоз боп сынған ердей тоқырапты...» [19, 126], – деп халықтың қайраты мен жігерін айшықтайтын, ұлттық идеялогиялық сипаттағы жер жайлы толғайтын жырлар тудырды.

«Айтыста берілген азаттық идеясы, тәуелсіздік алғаннан кейінгі аралықта біздің қоғамдық құрылымымызда басты идеология екендігін

айтыс ақындары дәлелдеді...» [19, 22], - дейді. Шынымен де Семей өңірінен шыққан айтыскер ақындарымыз Серік Қалиев, Серікзат Дүйсенғазин, Айнұр Тұрсынбаева, Рүстем Қайыртайұлы, Ринат Зайтов, Сара Тоқтамысова, Қарлығаш Әубәкірова, т.б. тәуелсіздігіміздің баянды болып қалуына үн қосты.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ақындар айтысының салмағы, түйіні өмір шындығы. Қазақ халықының топтық үлгідегі әдет-салт айтысы бар, ал дербес жанр деңгейіне көтерілген ақындар айтысы Семей өңірінде жаңғырып, қайта түрленгенін саралап көрсеттік. Бұл – айтыстың бірегей де біртуар өміршен жанр екендігіне тоқталдық.

Айтыс өнері қоғамдық, әлеуметтік-саяси мәселеден сыртқары болмайтынын дәлелдедік. Екі айтыскер өмір шындығын дәлелді деректермен көмкеріп, келістіріп жырлайтынын мысалдар арқылы көрсеттік. Тәуелсіздік, бостандық, елдік рух, ұлт намысы, ар-ұждан тақырыбы ақындардың шабытына қарқын беретінін атап өттік.

Қазақ сахарасының өнерге бай өлкесінің бірі – Семей өңіріндегі айтыс өнерінің өзіндік қалыптасу мен даму тарихына тоқталдық және тың деректермен жаңаша пайымдадық.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Әуезов, М.** Әдебиет туралы [Мәтін]. – Алматы : Санат, 1997. – 304 б.
- 2 **Мұқанов, С.** Айтыстар туралы [Мәтін]. Кітапта: Айтыс. I том. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас, 1964. – 429 б.
- 3 **Әуезов, М.** Шығармалар жинағы [Мәтін]. 10 том. – Алматы : Ғылым, 2003. – 470 б.
- 4 Айтыстану: Ғылыми жинақ [Мәтін]. Астана : «Жалғас-Print», 2013. – 420 б.
- 5 **Yardımcı, M.** Başlangıcından Günümüze Halk Şiiri-Âşık Şiiri-Tekke Şiiri [Мәтін]. – Ankara : Ürün Yayınları. 2001. – 389 s.
- 6 **Нәбіев, А.** Azərbaycan Xalq ədəbiyyatı [Мәтін]. – Bakı : Elm, 2006. – 310 б.
- 7 **Вәлијев, В.** Azərbaycan Fəlkloru [Мәтін]. – Bakı : Maarif Nəşriyyatı. – 1985. – 204 б.
- 8 **Тұрсынов, Е.** Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1976. – 196 б.

9 **Omarova, A., Kaztuganova, A., Akimzhanov, B., Sultanov, A., Zhamanbalinov, Y.** Kazakh musical and poetic art in the context of globalization. *Orpcion*, 36 (Special Edition 26), pp. 387–406 – 2020.

10 Қазақ халық әдебиеті. Айтыс [Мәтін]. 1-кітап. – Алматы : Жазушы, 1988. – 288 б.

11 **Жармұхамедұлы, М.** Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы [Мәтін]. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.

12 **Абылқасымов, Б.** Телқоңыр [Мәтін]. – Алматы : Атамұра-Қазақстан, 1993. – 174 б.

13 **Dubuisson, Eva-Marie.** Mapping Participant Framework in the Aityts of Birzhan and Sara *Journal of Linguistics Anthropology*, 31(3), pp. 357–381.

14 **Төлебаева, Қ. Т.** Қалихан Алтынбаевтың әдеби мұрасы [Мәтін]. Семей, 2021. – 151 б.

15 **Тәңірбергенұлы, Ә.** Шығармалары [Мәтін]. (Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Б.Ердембеков). – Алматы : Информ-Арна, 2006. – 520 б.

16 **Қасқабасов, С.** Абай және фольклор [Мәтін]. / Кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы : Ғылым, 2002. – 274 б.

17 **Төлебаева, Қ. Т.** Айтыс өнерінің жанрлық табиғаты [Мәтін]. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. № 5(114), 2016. Астана.

18 **Айталы, А.** Ұлттану [Мәтін]. Оқу құралы. – Алматы : Арыс, 2003. – 226 б.

19 Қазіргі айтыс. – Астана [Мәтін] : Күлтегін, 2006. 3-кітап. – 320 б.

References

1 **Auezov, M.** Adebijet turaly [About literature] [Text]. – Almaty : «Sanat», 1997. – P. 304

2 **Mukanov, S.** Aitystar turaly [About the competition of poets] [Text]. In book : Aityts. Vol. I. – Almaty : «Kazmemkorkemadebbas», 1964. – P. 429

3 **Auezov, M.** Shygarmalar jinagy [A collection of works] [Text]. Vol. X. – Almaty : «Gylym», 2003. – P. 470

4 Aitystanu [Introduction to the knowledge of competition of poets]: Gylymi jinaq [Scientific collection] [Text]. Astana: «Jalgas-Print», 2013. – P. 420

5 **Yardımcı, M.** Başlangıcından Günümüze Halk Şiiri-Âşık Şiiri-Tekke Şiiri [Folk Poetry – Minstrel Poem – Lodge Poetry from the Beginning to the Present Day] [Text]. – Ankara : «Ürün Yayınları», 2001. – P. 389

6 **Nabiyeв, A.** Azarbaijan Khalyq adabiyaty [Folk literature of Azerbaijan] [Text]. – Baku : «Elm», 2006. – P. 310

7 **Baliyev, B.** Azarbaijan Folklore [Folklore of Azerbaijan] [Text]. – Baku : «Maarif Nashriyyaty», 1985. – P. 204

8 **Tursynov, E.** Qazaq auyz adebietin jashaushylardyn baiyrgy okilderi [Indigenous representatives of the creators of Kazakh oral literature] [Text]. – Almaty : Gylym, 1976. – P. 196

9 **Omarova, A., Kaztuganova, A., Akimzhanov, B., Sultanov, A., Zhamanbalinov, Y.** Kazakh musical and poetic art in the context of globalization // Opcion, Volume 36 (Special Edition 26), 2020, Page 387–406 [Electronic resource] : <https://dialnet.unirioja.es/descarga/articulo/7827032.pdf> (Қаралған күні 01.11.2023)

10 Qazaq halyq adebiyeti [Kazakh folk literature]: Aitys [The competition of poets] [Text]. Vol. I. – Almaty : «Jazyshy», 1988. – P. 288

11 **Jarmuhameduly, M.** Aitys olenderinin argy tegi men damuy [The origin and development of poems in competition between poets] [Text]. – Almaty : «Murattas», 2001. – P. 293

12 **Abylqasymov, B.** Telqonyr [Oral literature] [Text]. – Almaty : «Atamura – Qazaqstan», 1993. – P. 174

13 **Dubuisson, Eva-Marie.** Mapping Participant Framework in the Aitys of Birzhan and Sara // Journal of Linguistics Anthropology, Volume 31(3), 2021, Page 357–381 [Electronic resource] : <https://anthrosource.onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/jola.12349> (Қаралған күні 01.11.2023)

14 **Tolebaeva, Q. T.** Qalihan Altynbaevtyn adebi murasy [Literary heritage of Kalikhan Altynbayev] [Text]. Semei : «Zhardem», 2021. – P. 151

15 **Tanirbergenuly, A.** Shygarmalary [Essays] [Text]. Qurastyryp, algy sozi men tusinikterin jazgan B.Erdembekov [B. Erdembekov compiled and wrote the foreword and comments]. – Almaty : «Inform-Arna», 2006. – P. 520

16 **Qasqabasov, S.** Abai jane folklor [Abai and folklore]. In book : Qazirgi abaitanydyn ozekti maseleleri [Current problems of modern Abai studies] [Text]. – Almaty : «Gylym», 2002. – P. 274

17 **Tolebayeva, Q. T.** Aitys onerinin janrlyq tabigaty [Genre nature of the arts competition of poets] [Text]. // Bulletin of the Eurasian National University named after L. N. Gumilyov. Humanitarian sciences. Volume 5(114), 2016. Page 115–123

18 **Aitaly, A.** Ulttany [Knowledge of the nation] [Text]. Oqy quraly [tutorial]. – Almaty : Arys, 2003. – P. 226

19 Qazirgi aitys [Modern competition of poets] [Text]. Vol. 3. – Astana : «Kultegin», 2006. – P. 320

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*К. Т. Тулебаева¹, А. О. Токсамбаева², Ж. Ж. Аитова³, А. А. Абсадық⁴

^{1,3}Alikhan Vokeikhan university,

Республика Казахстан, г. Семей;

²Университет имени Шакарима города Семей,

Республика Казахстан, г. Семей;

⁴Костанайский региональный

университет имени А. Байтурсынова,

Республика Казахстан, г. Семей.

Принято к изданию 30.11.23.

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ ИСКУССТВА АЙТЫС В РЕГИОНЕ СЕМЕЙ (НОВОЕ ОСМЫСЛЕНИЕ)

В статье говорится о становлении и развитии искусства айтыс в области Абай, региона Семей. Поэтически рассматривается творчество известных поэтов, выходцев из этого региона. Кроме того было проанализировано литературное наследие поэтов Семей, посвященное становлению искусства айтыс. Дана информация о том, как начиналось становление искусства айтыс в данном регионе. Говоря о поэтах региона, нельзя не упомянуть и о влиянии Абая. Последователи традиций Абая, начиная с учеников школы Великого Поэта, внесли большой вклад в развитие культуры айтыса в регионе Семей. В связи с этим исследуется творчество тех, кто родился и вырос в этом регионе: Актайлак би и Тюбек, Асет и Жанак, Кокбай и Арип, Шакир, Танирберген, Толеу, Сапаргали, Нурлыбек, Калихан, Дамеш, а также акынов, прославившихся за годы независимости – Рустем, Ринат, Сара, Карлыгаш и другие широко известные казахские поэты. Эти обладатели искусства слова – великие личности, которые владеют не только искусством поэзии, но и искусством импровизации, вокальными и композиционными навыками, широким диапазоном и красноречием. Поэтому целью исследования было возрождение одного из уникальных видов искусства казахского народа – жанра айтыс через раскрытие литературного наследия поэтов региона и их личного авторского образа.

Ключевые слова: казахская литература, айтыс, искусство, поэт, школа айтыса, творчество, импровизатор.

*K. T. Tulebayeva¹, A. O. Tokymbayeva², Zh. Zh. Aitova³, A. A. Absadyk⁴

^{1,3}Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey;

²Shakarim University of Semey,

Republic of Kazakhstan, Semey;

⁴Akhmet Baitursynov Kostanay

Regional university,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Accepted for publication on 30.11.23.

THE HISTORY OF DEVELOPMENT AND FORMATION OF AITYS ART IN THE SEMEY REGION (A NEW PERSPECTIVE)

The article discusses the formation and development of the art of aitys in the Abai district, in Semey region. The work of famous poets from this region dedicated their work to the development of the art of aitys was also analyzed. When talking about the poets of the region, it's impossible not to mention the influence of Abai. Followers of Abai's traditions made a significant contribution to the development of aitys culture. The research also delves into the creative works of those who was born and raised in this region, including Aktaillak Bi, Tyubek, Aset, Zhanak, Kokbai, Arip, Shakir etc, as well as contemporary poets who have gained fame during the years of independence, such as Rustem, Rinat, etc who are widely known among the Kazakh people. Therefore, the aim of the research was to revive one of the unique forms of Kazakh art – the genre of aitys, by exploring the literary heritage of regional poets and their personal authorial identity.

Keywords: Kazakh literature, aitys, art, poet, aitys school, creativity, improviser.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz